

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

азаматтар басқа ұлт өкілінің азаматтарымен арасында шиеленісті ұлттық мәселеге жориды. Бұндай қателерді сыртқы күштер мүлт жібермей аңдып тұрғаны сөзсіз.

Келесі қозғайтын мәселе дін болып отыр. Батыстағы үлкен ғалымдар және ғылымды насихаттаушылардың көбісі атеисттер. Олар өз діндері христиан дініндегі көп мәселелерден ақау тауып оған қарсы соғыс жариялап отыр. Құдай жоқ деп жар салып тек христиан ғана емес барлық діндерді теріс санап, барлық дінге қарсы агрессиялық насихат жүргізіп жатыр. Әрине дін мәселесі кеше ғана шыққан жоқ. «Құдай бар ма әлде жоқ па?»-деген сұрақ философияның ең үлкен сұрақтарының бірі. Жалпы философияның пайда болуына және дамуына атеистік көзқарас көп үлес қосты. Не дегенмен атеизм дінді жеңе алмайды. Себебі атеизм осы өмірден кейін өмір жоқ дейді. Әрине бұл адамның өмірді бағалап, оның әр уақытын сондай қастерлеп өткізуі керек деп тәрбие беретіндей көрінеді. Бірақ бұл өмірлік ұстанымның жалпы алғанда қауіп қатері мол деп санаймын. Және жалпы алғанда адамның жаны мәңгілікті қалайды. Дін адамға үміт силайды. Шыдамды, жақсылықты насихаттаған адамды сый күтіп тұрады және әр адам өзінің бұл өмірде айырылған адамдарымен жолығады деп сабырлыққа шақырады. Әрине мен қазір бұл тақырыпты толық ашып талқылайын деп отырған жоқпын. Себебі бұл тақырыпты бөлек қарастыру керек деп санаймын. Менің айтайын дегенім қазіргі батыс ғалымдарының жамандықтың көпшілігі діннен шығады деп насихат жүргізуі. Және әлемде болып жатқан діни экстремисттік қимылдардың осы сөздерге эффект қосып жатқаны сөзсіз. Осындай жайттардың кесірінен біздің елде ата-бабамыз ұстанған дін жолынан бас тартып жатқан жастар көбейді. Менің ойымша дінді білмейтін, адасқан, мұсылмандардың 10000 нан 1 бөлігін ғана құрайтын экстремистердің тобының кесірінен бүкіл мұсылмандарға және исламға күйе жағу нағыз адасу деп есептеймін. Бұл дегеніміз атом бомбасының жарылуы себебіне бүкіл физиктер мен физика ғылымы жаман дегенмен парапар. Және де ол ғалымдардың ғылымды «жекешелендіріп алуы», ислам мәдениеті менен ғылым үш қайнасада сорпасы қосылмайды деген ойды агрессиялы түрде насихаттауы әділетсіздік. Себебі көптеген философтар менен ғалымдардың еңбегі бүгінгі күнге келуіне ислам мәдениеті себеп. Осыларға қоса Таяу Шығыстан келіп жатқан экстремисттік ойлар біздің қоғамды үлкен дертке айналды. Исламның қағидаттары толып тұрған салт-дәстүрімізге қарсы шығып жатқан топтарға азаматтарымыздың көптеп қосылуы діни сауатсыздықтан, дәстүрмен тәрбиеленбегендіктен және қазақ тілін білмеуі. Соңғы жылдары осындай теріс ағымдарға қарсы бағытталған діни ғұламалар кеңесі құрылған болатын. Бұл кеңеске еліміздегі белгілі дінтанушылар мен дін қайраткерлері кіреді. Кеңес мүшелері республика бойынша ағарту жұмыстарын жүргізіп жатыр. Атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесін алдағы уақытта көретінімізге сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D2%B1%D0%BD%D0%B4%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B>
2. Абай Книга слов. Поэмы. Перевод с казахского К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева. – Алматы: ЕЛ, 1993, 272 с.
3. <https://strategy2050.kz/news/16263>
4. https://www.youtube.com/watch?v=C3_BN38qhRc

УДК 172.4

КИБЕРЭТИКА

Тәуірбай Ақниет Әмірханұлы

akniet_2020@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «5В050100-Философия»

мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Шойынбаева Ғ.Ә.

XXI ғасыр білім мен ғылымның шарықтау шегіне жеткен кез. Иновациялық жаңа технологиялар мен ашылып жатқан жаңалықтардың адамзат баласы үшін берер жемісі мол. Алайда адамзат баласы үшін істеліп жатырған осы игі істердің пайдасы көп пе, әлде пайдасынан гөрі зияны көп пе? – деген сұрақ туындайды. Ал енді осы мәселелерге дәлірек тоқталар болсақ. Бүгінде барша әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттері үшінші иновациялық революцияны бастан кешіруде. Кибернетика, нанотехнология, жасанды интелект, робототехника секілді инновациялық сөздер біз үшін таңсық емес. Бірақ біз олардың мәнін толыққанды білеміз бе? Қоғам мәселесіне тереңірек үнілер болсақ, осындай бүгінгі күннің күн тәртібінде бірінші орынға қойылып отырған мәселелердің екі жақтылығы өте көп. Наполеон Бонапарттың бір керемет сөзі бар: «Төрт жүз адам әскерден төрт газеттің берер соққысы әлдеқайда зор»[1]. Иә, әрине бүгінгі қоғамның ең басты құралы да, ең басты құндылығы да ол ақпарат. Наполеон сонау XIX ғасырдың өзінде ақпарат құндылығының мәнін түсіне білген. Ал енді осы ақпарат пен ақпарат құндылығына тоқталар болсақ, ақпараттың құндылығы оның жеткізілуінің немесе қабылдануының дер кездігімен өлшенеді. Дәл осы сәтте, дәл осы орында қажет болған ақпарат келесі бір мезетте түкке тұрғысыз да болуы мүмкін. Мәселе адамдардың ақпаратты қалай жеткізуінде. «Ақпарат коммуникациясының бірнеше түрі бар: қарым-қатынас (ауыз екі сөйлеу), жазба, баспа ісі арқылы (кітап журналдар, газеттер) және де виртуалды деңгейде ақпарат алмасу»[2]. Ақпаратты жеткізудің алдыңғы екі фазасы бүгінгі қоғамда қызу талқыланып, мән мағынасы белгілі бір деңгейде дамуы жоғары десе болады. Алайда соңғы айтылып отырған ақпаратты виртуалды деңгейде жеткізу дегеніміз не? Және де ол қандай функцияларды атқарады? Ол қоғам сұранысын қанағаттандыра ма? Ол қоғамның қалыпты дамуына кепілдік бере ме, ол адами құндылықтарды сақтай отырып өркендей ме? – деген көптеген сұрақтар қазіргі қоғам өкілдерінің көкейкесті сұрақтарының маңызды бөлшегіне айналып отыр.

«Ақпаратты виртуалды деңгейде жеткізу жиырмасыншы ғасырдың 70 жылдары бүкіл әлемдік ғаламтордың пайда болуымен тікелей байланысты» [1]. Ғаламтор адамдарға виртуалды сөйлесу алаңын салып берген бірден бір құрылғы десе болады. Ғаламтордың пайда болу мезетінен бастап, жалпы адамзат дамуы үлкен бетбұрыс жасады. Адамдардың өмір сүру деңгейі, көзқарасы сонымен қатар моральдық принциптері де біршама трансформацияланды. Ал енді осы жұмысты жазудағы басты өзекті мәселеге көшер болсақ, ол осы қоғамның моральдық-мәдени құндылықтары. Біздің сонау тас ғасырынан бері дамып белгілі бір эволюцияларды бастан өткізіп келе жатырған мораль мен мәдениетіміз өз дәрежесінде дәріптеліп жатпағандығы бүгінгі қоғамда өте өзекті мәселе. Ғаламтор бізге не үшін керек және де қандай мақсатта деген сұрақтарға жауап берер болсақ. Ғаламтор бізге ең алдымен өзгеден біліп немесе оқып біле алмаған ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, екіншіден уақыт жиілігін үнемді әрі тиімді пайдалану үшін және де үшінші ол қарым қатынас коммуникацияларын құру үшін. Ғаламтордағы барлық орындалатын визуалдық процестердегі адамның жауап қайтару мен жауап алу іс-әрекеттері ол – киберэтика.

«Киберэтика» терминінің қоғам қолданысына енуі әлемдік желінің даму процесінен сәл кейінірек болды. Ең алғашқылардың бірі болып әрине ол АҚШ пен Еуропа мемлекеттерінде кеңінен бастау алды» [3]. Орта Азия мен Ресей қарамағындғы мемлекеттерге 90-шы жылдардың орта шенінде қолданыс процесіне түскен болатын. Киберэтика адамдардың визуалды қоғамының моральдық-этикалық нормаларының жиыны. Заманауи қоғамда киберэтикалық нормалардың қолданыс аясын шектеуші немесе киберэтикалық нормалар аясынан тыс өз әрекетін атқаратын кибертеррористтердің қылмыстық іс-әрекеттері де бар. Кибертерроризм визуалды қоғамның үлкен проблемасына айналып келе жатқан құбылыс. Бүгінде әлемде орын алып келе жатқан шынайы қылмыстардан гөрі, қоғамды шулатып дау дамай туғызып жатырған қылмыстар кибертеррористтік акттер болып табылады. Жоғарыда айтып өткендей XXI ғасырдың аса қымбат валютасы ол – ақпарат. Ақпаратты ұрлау оны сату бүгінде қалыпты жағдайға айналды. Кибертерроризмнің де басты құндылығы, моральдық-этикалық нормаларды бұзып

бір адамның немесе тұтастай қауымдастықтың жеке басына қатысты ақпаратты еркінен тыс алуы болып табылады. «Бүгінде қоғамды шулатып жүрген Джуллиан Ассанжы, Эдвард Сноуден секілді немесе 13 жасар Британ елінің баласы тұтастай бір мықты Пентагонның құпия хаттарын иемденуі біздің қоғамның киберэтикалық нормаларға қарсы, адами құндылықтарды жоғалта отыра киберкеңістікте өз әрекеттерін жүргізуі болып табылады»[4]. Біздің қоғамның өмір сүру стилі басқа арнаға бұрылса да, оның негізгі адами құндылықтары бір қалыпты болуы керек. Алайда бүгінгі қоғам стилі мен қатар оның құндылықтарының да адам еркінен тыс дегредацияға ұшырап жатқандығы өзекті проблема. Сол себептен де бүгінгі қоғамның өзекті проблемасын зерттеуде этикалық нормалардың трансформациялануына бақылау жүргізгеніміз жөн болады.

Мақаланың басты тақырыбы этикалық нормалардың негізгі проблемасын ашып беру болатын. Этика өз дәрежесінде философияның нақты категорияларының қатарына жатады. Бұл тақырыпты зерттеп саралаудың өзі, бүгінгі күні қоғам проблемасының өзегін табуда философия ғылымы рөлінің ерекше екендігін аңғартады. Шынайы өмірде көптеген адамдар мәдениеті, діні, діліне қарамастан белгілі бір моральдық-этикалық нормаларды жіті қадағалайды. Қазақ философиясында ар, ұят, адамгершілік сықылды бірнеше категориялар бар. Міне осы категориялардың сақталуының нәтижесінде адамдар адам атты статусқа лайықты. Алайда осы категориялар мен осы моральдық принциптер виртуалды дүниеде сақталады ма? Виртуалды дүние немесе киберкеңістік аясындағы киберэтикалық нормалардың негізгі қағидаттары қалыпты этикалық нормалардан өзінің орындалу шеңберімен ғана ерекшеленуінде. Киберэтика виртуалды әлемде қалай жүреді, қандай механизмдер арқылы жүзеге асады неге ол өз дәрежесінде жұмыс атқармайды? Киберэтикалық процесс адамдар арасында виртуалды қарым-қатынас коммуникациялары арқылы жүзеге асады. Виртуалды кеңістікте берілген ақпараттың барлығын бірдей шынайы немесе барлығын бірдей дұрыс деп санай алмаймыз. Міне ең алдымен осы ақпараттың виртуалды өмірде толыққанды шынайы емес екендігі үшін және де адам еркінен тыс жеке басқа қол сұғушылықтардың орын алып жатқандығы үшін бүгінгі таңда киберэтика өз дәрежесінде қоғамдық функциясын атқара алмай отыр. Адамдар ақпарат кеңістігінде шынайы өмірдегідей жауапкершілікті көп сезіне бермейді. Көзден кеткесін, көңілден де кетеді деген сықылды,- олар үшін жауапкершілік пен абырой басты құндылыққа айналмайды. Неге? Себебі киберкеңістікте адам тұлғасын жасыратын көптеген айла мен қу әрекеттердің болуы болып табылады. Бүгінгі проблематикадағы адамдардың жауапсыздығы дәл осы қоғам қайшылығын тудыруы. Ақпарат кеңістігінде анонимділік деген киберэтикалық категория бар. Дәл осы категория тұлғалардың шынайы өмірдегідей істеген ісін немесе айтқан сөзін жауапты түрде еркін өз мойнына алуға кедергі жасайды. Адамдар осы анонимділікті пайдалана отыра қоғамда адами құндылықтарға қарсы құйтырқы іс әрекеттерге барады. Киберэтикалық нормалардың басты принципі осы шынайы өмірдегі жалпы адами құндылықты киберкеңістікте тиісті өз дәрежесінде орнату. Бүгінгі қоғамның 92 пайызы виртуалды кеңістікте өмір сүріп жатыр, әлемде әрбір 3ші жасөспірімдер, ал ересек адамдар арасында әрбір 5ші адамда киберкеңістікке кіру еркін орнатылған. Киберкеңістік - ол заман талабы, алайда оның күллі бір адамның әлеуметтік қоғамын дегредацияға ұшыратуы мүлдем дұрыс емес. Адамның тұлғалық қасиеті мен басқалардан ерекшелейтін адамгершілік пен ар сықылды құндылықтары қай жерде болмасын өз бағасы мен өлшемін таба білуі керек. Қай қоғамда болмасын белгілі бір құйтырқы әрекеттерге баратын адамдар болған, алайда құйтырқы әрекетті қолдайтын қоғам болмаған. Егерде біз тұтастай қоғамды дегредацияға ұшыратып алу қаупінің алдын алғымыз келсе, онда Ел болғың келсе бесігінді түзе демекші,- ең алдымен проблеманың қайдан шығып жатқандығын және де алдын алмасақ қандай нәтижеге жеткізетіндігін білу керекпіз.

«Киберэтика бүгінгі таңда нақты механизм ретінде іс-әрекет жасап жатырған жоқ. Сол себепті қоғам дамуы әлеуметтік тарапта артқа шегінуде»[5]. Ал енді осы киберэтикалық норманы әр жеке тұлға жауапкершілікпен өз жеке өмірінде қолданар болса, онда жағдай біршама өзгерер еді. Заң киберкеңістіктегі қадағалауды барынша өз дәрежесінде жұмыс

жасауына жағдай жасаған. Алайда ешқашан адамнан айла қалмаған. Сол себепті егерде біз әрбір жеке тұлға осы бір болмашы іс-әрекеттерімізді дұрыс арнаға, тиімді жолға қоя білсек бүгінгі қоғам дамуы әлдеқайда алдыға қадам басар еді. Тағы да қайталап өтер жәйт ол – киберэтикалық нормалардың басты жиыны ол шынайы өмірдегі моральдық құндылықтар механизмінің виртуалды өмірде тиісті өз дәрежесінде іске асуы болып табылады.

Қорытындылай келе егерде біз бүгінгі қоғамның арнасын түзеп, айнасына сүйіспеншілікпен қарап, біздің заман алтын ғасыр деген атқа лайықты деп айтқымыз келсе ең алдымен қоғамды, қоғамның өзекті мәселелерін шеше білу керекпіз. Ал бүгінгі қоғамның өзекті мәселесі ол – виртуалды қоғам.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Власенко И.С., Кирьянов М.В. Информационная война: искажение реальности,- М.: ИД «Канцлер», 2011.- 196 с
2. Сайт International Center for Information Ethics
3. Сайт safer Internet Center which includes Awareness node, helpline and hotline
4. Collin B. the future of Cyberterrorism|| Crime & Justice International Journal.- 1997.-Vol.13/- вып 2
5. Гусейнов А.А. Этика мораль в современном мире // Этическая мысль: современные исследования. - М.: Прогресс-Традиция, 2009, С. 5-18

УДК 811.11.-112

FEATURES OF NATIONAL FESTIVALS IN DIFFERENT COUNTRIES (ON THE EXAMPLE HARVEST TIME CELEBRATIONS)

Усманова Эльвина Мунировна

elvinka7@mail.ru

студентка IV курса Казанского (Приволжского) Федерального Университета
Института филологии и межкультурной коммуникации им. Л. Толстого

Отделения татарской филологии и культуры

Научный руководитель – А.Х. Ашрапова

At all times traditions, customs, festivals are supposed as invaluable heritage for every nationality. On the one hand they show the culture, features and peculiarity of people's life, on the other hand they represent the past of ones. Traditions and customs are believes or behaviors passed down within a group or society with symbolic meaning. As far as we know folks have a lot of celebrations which are held during all the year. They are weddings, meeting the spring and seeing off the winter, harvest time and so on. Frankly speaking, every tradition is unique, but at the same time some of them have similar features.

In this article we are going to study common and different sides of traditions of various peoples, namely about traditions of Harvest Time.

Harvest time is the time when people work very hard in the fields, in the gardens gathering corn, vegetables and fruits. They do their best to finish it in time when the weather is fine, warm and clear. After a long and difficult harvesting bright celebrations are arranged in a lot of countries as a rule. Fortunately, they are celebrated every year and are converted into tradition. For example in the USA, Philippines, India, Korea and Russia (Tatarstan).

To compare specific features of these celebrations better we decide to divide characteristic structure of them:

- time and duration of festival;
- place;
- competitions;
- clothes;